АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ «АҚ»

АРАЛАС ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ТАМАҚТАНДЫРУ.ҚОСПАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ МЕН СИПАТЫ.ЕМДІК ЖӘНЕ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ҚОСПАЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА КӨРСЕТКІШТЕР

Орындаған:Қыдырбаева.А.М

Группа:622

Тексерген:Акимбаева Г.Ж

ЖАСАНДЫ ТАМАКТАНУ

- Егер сәби өмірінің алғашқы жарты жылында емшек сүті жоқ болып, сиыр не басқа мал сүті қоспасымен тамақтандырылса, оны жасанды тамақтандыру дейді.
- Тәуліктік тағам мөлшерінің 1/3 бөлігі жасанды тағамдардан тұратын болса-аралас тамақтандыру болып есептелінеді.

ЖАСАНДЫ ТАМАҚТАНДЫРУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚОСПАЛАР:

- Бейімделген
- Бейімделмеген

Бейімделген- қоспалар сиыр сүтіндегі белокты өңдеуден өткізіп,оның құрамына жартылай қаныққан май қышқылдарын,витаминдер, минералды тұздар,өсімдік майларын қойып дайындалады

- Бейімделмеген-қоспаларға жаңа және құрғақ сиыр сүтінен жасалған қоспалар жатады.Қайнатпалармен сұйытылған сүттің сумен сұйытылған сүттен айырмашылығы бар:

1 Құрамында үш бірдей көмірсулар бар(екі дисахарид-лактоза, сахароза және крахмал),олар ішектегі шіру процесін азайтады.

2 Қоспаның энергетикалық құндылығы арытады

3 Қоспалардың амин қышқылдық және тұздық құрамы жақсарады.

Бейімделген қоспалар қолданғанда ащы қоспалар берген жөн. Себебі тұщы қоспаларға қарағанда артықшылығы бар; белок ұйыған күйінде болады,сүт қышқылды бактериялар казеиннің ыдырап,амин қышқылдары мен пептин түзуіне жақсы әсер етеді.

- Сәбиді аралас және қолдан тамақтандырғанда, оның белок қажеттілігі өзгеретінін есте сақтау керек, сөйтіп емшек емгенде белок дене салмағының әрбір кг-на 2-2,5 г қажет, ал аралас тамақтандырғанда ол 3,0 г-ға, қолдан тамақтандырғанда 3,5 г-ға көтеріледі. Бейімделмеген қоспа бергенде 4 г/кг дене салмағына есептейді. Тамақтандыру түрлеріне қарамастан майдың қажеттілігі 4 айға дейін – 6,5-6 г, 4-9 айында – 6,5,5 г, 9 – 12 айында – 5-5,5г. Дене салмағының әр кг-на көмір суының де қажеттілігі тамақтану түрлеріне байланысты емес. Сәбидің өмірінің алғашқы жылында дене салмағының әр кг-на 12-14 г көмірсілар қажет.

БАЛАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТАҒАМДЫҚ ЗАТТАРҒА ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МҰҚТАЖДЫҒЫ

Жасы	Белок	Май	Көмірсулар	Килокалориясы
(Кг дене салмағын гаммен есептегенде)				
1-1,5	4-4,5	4-4,5	15-16	110
1,5-3	4,0	4,0	14-15	100
4-6	3,5	3,5	14-15	90
7-11	3,0	3,0	12-13	80-70
12-15	2,5	2,5	10	70-60

ЖАСАНДЫ ТАМАҚТАНДЫРУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ.

1. Қолдан тамақ беру ережесін орындамау сәбидің аш қалуына не артық ішіп қоюына әкеп соқтырады. Сондықтан жүйелі түрде тамақтың энергетикалық құндылығын, белок, май көмір суларының мөлшерін тәуліктік рационда және ол өзгерген сайын есептеп отыру керек.
2. Қоспаның жарамдылығының көрсеткіші баланың қалыпты дамуы болып табылады. Бұған сәбидің жасына қалыпты дене мен психомоторлық дамуы және инфекция ықпалына қарсы иммунитеті ғана дәлел бола алады. Ішетін тамақтың тәуліктік мөлшері ана сүті емізгендегідей болуы керек.
3. Қолдан тамақтандырғанда, тамақ асқазанда ұзағырақ қалып қояды, сондықтан тамақтандыру санын азайтып, арасын ұзартады.
4. Қоспаларды әрқашан стерильді түрде және 40-45 дейін жылытып береді.

АРАЛАС ТАМАҚТАНДЫРУ

- Бір жасқа дейінгі сәбиді қосымша жасанды сүт қоспаларымен бірге ана сүтімен көректендірү аралас тамақтандыру деп аталады.

Аралас тамақтандыруға көшудің баты негізі-ана сүтінің жеткіліксіздігі (гипогалактия).Ана сүтінің мөлшерін анықтау үшін салыстырмалы өлшеу тәсілі қолданылады.Бұл сәбиді тамақтануға дейін және тамақтанудан соң тәуліктік әр сағатында салмаңын өлшеу. Аралас қоректендіру кезінде балаға, қосымша тамақ беруге болмаса, ана сүтімен қатар сүт қоспаларын да береді. Аралас тамақтандыруды табиғи тамақтандыруда берілетін қосымша тамақтан айырбастау керек. Табиғи тамақтандыруда жеткілікті мөлшерде бөлінетін ана сүтімен бірге баланың өсіп-дамуы үшін ақуыздың жетпейтіндігіне байланысты белгілі мөлшерде ірімшік беріледі. Аралас тамақтандырудың себептеріне нәресте анасында сүт жетіспеушілігі (гипогалактия) жатады. өллшеу.

СҮТ БАЗАР ЖОК

ГИПОГАЛАКТИЯ

- Гипогалактиянің дәрежелері:
- I д. – 25% дейін сүт мөлшері азаю,
- II д. – 25%-50% дейін сүт мөлшері азаю,
- III д. – 50%-75% дейін сүт мөлшері азаю, осы үш дәреженің нәтижесі табиғи тамақтандырудың нәтижесіне жақын болып тұр.
- IV д. – сүт мөлшерінің жетіспеуі 75% және одан жоғары, сондықтан оның нәтижесі жасанды тамақтандырудың нәтижесіндей..

- Гипогалактиянің себептеріне жататын жағдайлар:
- 1. Тұқым қуалаушылық
- 2. Әйелдің босануға дейін гормондары бар контрацептивтерді қолдануы
- 3. Алдынғы босану кездерде әйелде мастит жағдайы болған кезде.

- Гипогалактияның алдын алуын әйелдер консультациясы атқару керек. Әйелдер консультациясының міндеті: болашақ ананы босануға дайындауымен қатар сүтті сақтау, баланы өз сүтімен емізуге үйрету.
- Сүт жетіспеушілігімен күрес жүргізуге болады.Ол үшін медыцина қызметкерлері әйелге сенімділік сезімін иландыру керек. Есте сақтаңыз: сүт мөлшері көбею үшін әйел баласын ж и і к е у д е с і н е с а л у к е р е к. Кейбір жағдайларға байланысты ана баласын суалтып жіберіп, сүт пайда болуы тоқтап қалса да, баласын қайтадан емізе бастағанда – сүт бір белгілі уақыт өткеннен кейін (бір-екі аптадан кейін) қайтадан пайда болады. Осы құбылысты р е л а к т а ц и я деп атайды. Ал әйел баласының емізуін тоқтатпаса, онда сүттің мөлшері бірнеше күннен кейін ақ көбейеді.

ГИПОГАЛАКТИЯНЫҢФИЗИОЛОГИЯЛЫҚАЛДЫНАЛУЫ:

- Біріншіден сүттің аз мөлшрде пайда болуының себебін анықтап алыңыз, мысалы, әйел баласын шыны арқылы емізе бастаса, ендігіде олай тамақтандырмасын деп ақылыңызды беріңіз.
- Баланы шыныдан емес, тек кеседен, табақшадан тамақтандыру керек.
- Баланы анасы емшекке жиі салу тиысты (оннан кем емес, тіпті әр екі сағат сайын).
- Бала ана сүтін емгісі келмесе, ұйқтап жатқанда емізу жеңілдеу болады.
- Әйел баланы міндетті түрде түнде жанына алып, жалықпай, емізуге тырысу керек.
- Бала емшекті уақыты бойынша бұрынғыдан ұзақтау ему тиыс.
- Әйел күш-қуатын қалпына келтіру үшін жақсы тамақтану және жеткілікті мөлшерде қоректік жылы сусындар ішу тиісті.
- Әйелге көбірек тыныңу және баласын емізіп жатқанда босансу керегі туралы кеңес беріңіз.
- Ананы төстік пен IV қабырға аралығының қиылысында нүктелі массаж жасатып үйретіңіз.
- -Бала алты айға толмаса және ана кеудесінде әлі (аз мөлшерде болса да) сүт жойылмаса – нәрестені тағамның басқа түріне көшірмей ана сүтімен қоректендіріп көру керек. Ал сүт тіпті жойылып кетсе – онда, амалсыздан, сүт пайда болғанша дейін басқа сүт түрлерімен тамақтандыру қажет болады. Балаға басқа тамақ берсе де, баланы сүт безімен емізуге талпыну керек.
- Егерде нәресте анасының «бос» емшегін емгісі келмесе, анасын емізу кезінде қалай емізікшеге сүт тамызу керек екенін көрсетіңіз немесе түтікше қолдануға үйретіңіз.

АРАЛАС ТАМАҚТАНДЫРУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Аралас тамақтандыру үшін бейімделген жіне бейімделмеген қоспалар қолданылады;
2. Аралас тамақты біртіндеп 3-4 күнің ішінде тәуліктік тамақ мөлшерін толық қамтамасыз ететінде етіп енгізу қажет;
3. Аралас тамақтандырудың ең жақсы тәсілі,сәбидің әр тамақтануында ана сүтімен сүт қоспасымен бірдей тамақтануы;
4. Сәбиге үстеме тамақты тек қасықпен беру керек,өйткені сүтті емізік арқылай оңай емген бала емшек емуден тез бас тартады.Үстеме тамақты шыныдан бергенде,емізік ұшында 3-4 ұсақ тесіктері,мүмкіндігінше қатты болуы керек;
5. Үстеме тамақ емшек емгеннен кейін беріледі;
6. Сонымен қатар,сәби ең аз болғанда тәулігіне үш рет емшек ему керек екенін естен шығармау керек;
7. Тамақтандыру тәртібі: аралас тамақтандыруда,тамақтандыру сағаттары мен аралық үзілістері, табиғи тамақтандырудағыдай болып қалады
8. Аралас тамақтандыруда тиісті тамақ мөлшері көлемдік жіне калориялық тәсілдермен есептеп шығарылады.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЛІКТІК ТАҒАМЫНЫҢ ТИІСТІ МӨЛШЕРІ

Жасы	Тәуліктік тағам мөлшері,мл	Жасы	Тәуліктік тағам мөлшері,мл
1-1,5	1000-1100	5-7	1600-1800
1,5-3	1200-1500	7-11	2000-2200
3-5	1400-1500	11-14	2300-2500

БАЛАЛАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

1. Әртүрлі тағамдарды аз-аздан бастап,біртіндеп көбейту керек.Егер балана шайнап жеуге уйреткіңіз келсе,алғашқыда кішкене түйіршіктерден бастап, содан кейін үлкендеуін беру қажет,
2. Балана басқа адам тамақтандыратын болса,жаңадан бастап беретін тағамның түрін анасының бастап бергені жөн.
3. Күніне бір-ақ жаңа тағам қосуға болады.
4. Баланы күнде бір түрлі ыдыспен тамақтандырған жөн.
5. Жаңа тағамдар баланы дені сау кезінде ғана бастап берілуі керек.
6. Жаңа тағамдарды баланың аш кезінде бастап берген жөн.

АРАЛАС ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ТАМАҚТАНДЫРУДА ЖАЛПЫ ҚАБЫЛДАНҒАН ЕСЕПТЕУ ТӘСІЛІ:

Баланың 10 күндік өмірінен бастап 1 жасқа дейін тамақ көлемін анықтаудың 2 тәсілі ұсынылады.

1. **Көлемдік - тамақтың тәуліктік көлемі баланың жасына,салмағына сай есептеледі. 2 аптадан 2 айға дейін дене салмағының 1/5 бөлігіне тең көлемде боладв.**

   2 ай- 4 ай - 1/6 бөлігі

   4 ай -6 ай - 1/7 бөлігі

   6 ай -9 ай - 1/8 бөлігі

2. **Калориялық – тәсілде баланың жасы, салмағы және тәуліктік калорияғы мұқтаджығы ескеріледі.**

   I. **Тоқсанда – 120 ккал/кг**

   II. **Тоқсанда – 115 ккал/кг**

   III. **Тоқсанда - 110 ккал/кг**

   IV. **Тоқсанда – 100 ккал/кг**

НЕГІЗГІ КӨРЕКТІК ЗАТТАР МЕН ЭНЕРГИЯҒА МҰҚТАЖДЫҚ.

- Аралас тамақтандыруда бейімделген сүт қоспасын қолданғанда белокқа мұқтаждық – 2-2,5 г/кг,ал бейімделмеген сүт қоспасын қолданғанда – 4 айға дейін – 3 г/кг, кейінгі айларда 1 жасқа дейін 2,5-3 г/кг болып есептелінеді.
- Жасанды, бейімделген қоспамен тамақтандырғанда – 2-2,5 г/кг, ал бейімделмеген қоспамен тамақтандырғанда – 3-3,5 г/кг.
- Майға мұқтаждық тамақтандырудың барлық түрлерінде 3 айға дейін – 6,5 г/кг, 3-6 айда – 6 гкг, 6 айдан бастап – 5,5 г/кг.
- Көмірсуларға мққтаждық тамақтандырудың барлық түрлерінде де 1 жасқа дейін 13 г/кг

кальций
Ca
витамин
C
витамины группы
B
железо
Fe
Белки
Сыр
Томаты
Рис
Говядина
Грибы
Молоко
Перцы
Макароны
Водоросли
Рыба
Миндаль
Апельсины
Фундук
Гречка
Курица

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- www.google.ru
- С.Х. Аюпова
- Б. Қалимурзина “Ішкі аурулар 2 – том” 2005 жыл, “Асем” баспасы.
- Б.Түсіпқалиев

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ